

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 7 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 37-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

Заң Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу саласындағы заңнамасын жетілдіру мен тиімділігін арттыруға және капиталдың елден шығарылуын бақылау шараларын күшейтуге, сондай-ақ халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелердегі мемлекеттік кірісті жоғалтудың алдын алуға бағытталған.

Заң келесі тұжырымдамалық шараларды қамтиды:

1. Нарықтық бағаны анықтау әдістерін қолдануды жетілдіру.

Бүгінгі уақытта заңда нарықтық бағаны анықтау әдісінің бес иерархиясы қарастырылған. Мысалға, егер салық төлеуші бесінші әдісті қолдану керек деп санаса, онда

ол алдымен алдыңғы төрт әдісті қолдану мүмкін еместігі туралы негіздемелер дайындауы керек. Осыған орай халықаралық мәмілелердің сипатын ескере отырып нақты қай әдісті қолдану керектігі анықталатын болады. Салық төлеушінің де, тексерушілердің де әкімшілік шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

2. Нарықтық диапазонды анықтау тетігін енгізу.

Қазір баға диапазоны мен рентабельділік нарықтық бағалардың минималды және максималды мәндерімен айқындалады. Ол нақты бағада көрсетілмеуі мүмкін. Осылайша неғұрлым әділ бағаларды белгілеу мақсатында диапазонды тарылту ұсынылады.

Енгізілетін жаңа диапазон статистикалық ауытқуларды қамтымайтын болады. Мысалы, егер экспортталатын 1 тонна көмір құнын анықтаған кезде баға ауқымындағы мәндер 10, 45, 46, 47, 48 долларды құраса ауқымдағы статистикалық ауытқу бағасы 10 доллар болады. Бұл баға мәні нарықтық баға диапазонында болмайды. Бұл әдіс халықаралық практикаға сәйкес келеді. Жалпы 48 елде, соның ішінде АҚШ, Франция, Ұлыбритания сияқты дамыған мемлекеттерде қолданылады.

3. Капиталды шығаруға бақылауды күшейту мақсатында тараптардың өзара байланыстылығын айқындауды кеңейту.

Ірі кейбір салық төлеушілер жасанды делдалдық құрылымдар құрады. Олар өзара байланысты тараптар болып есептелмей, экспортталатын өнімді одан әрі сату кезінде тәуекелдер деңгейі төмен болады.

Шикізат өнімдерін сондай «эксклюзивті» трейдерлерге төмендетілген бағамен сату фактілері бар. Бұл жағдайда қаржылық есептілікті алу мүмкін емес.

Тексерілетін мәмілелер бойынша жеткілікті ақпараттың болмауына байланысты елден капиталды алып кету тәуекелі туындайды. Сондықтан өзара байланысты тараптар ұғымын кеңейту ұсынылады.

4. Тауар биржаларында жасалған мәмілелерді бақылау.

Трансферттік баға белгілеуге қатысты бақылау еліміздің тауар биржаларында жасалған келісімдер бойынша жүрмейді. Бұл елден капиталды сыртқа шығаруға жағдай туғызады. Осыған байланысты заңнан көрсетілген норманы алып тастау ұсынылады.

5. Есептілікке қойылатын талаптарды жетілдіру.

Қазіргі таңда ірі мәмілелер бойынша жергілікті есептілікті ұсыну міндеті халықаралық топқа қатысушыларға жүктелген.

Көзделіп отырған нормалармен жергілікті есептілікті ұсыну міндеті өзара байланысты бейрезидент тұлғалар мен мәмілелерді жүзеге асыратын салық төлеушілерге жүктеу ұсынылады. Бұл тауар айналымдарының ашықтығын қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді. Аталған бағыттар әлемдік және отандық тәжірибені ескере отырып заңға енгізілді.

Заңның күшіне енуі келесі нәтижелерді береді:

тауар биржаларында жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ статистикалық ауытқуды қамтымайтын нарықтық диапазонды қолдану арқасында экспорттық бағалар төмендетілмейді, бұл салық салынатын табыстың ұлғаюына әкеледі;

халықаралық мәмілелерге мониторинг жүргізуді жақсартады.

Заң жұмыс тобының отырысында, комитет отырысында және комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңның тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті аталған заңды Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне арналады.

Қаралып отырған заң әділ нарықтық бағаны анықтау арқылы халықаралық іскерлік операцияларда мемлекеттік кірістің азаюын болдырмауға бағытталған. Сонымен қатар капиталды елден шығаруға мемлекеттік бақылау күшейтілетін болады.

Заңды қабылдау арқылы экспортқа жіберілетін қазақстандық тауарларға нақты бағаларды ескере отырып салық салудың әділдігі мен ашықтығы қамтамасыз етілетін болады.

Заңды қолданысқа енгізу мәмілелердегі ең төменгі нарықтық бағаның өсуіне байланысты кәсіпкерлердің салық жүктемесінің артуына әкелуі мүмкін. Алайда заң аясында барлық ірі жер қойнауын пайдаланушылар реттелмейтін болады. Осыған орай сұрағым бар.

Қаржы министрлігі барлық жер қойнауын пайдаланушыларды қамтитын әділ салық салуды қамтамасыз ету үшін қандай іс-шараларды жоспарлап отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Әлібек Ибатуллаұлы! Осы заң жобасы шеңберінде біздің тарапымыздан заңға енгізіліп отырған өзгерістер біздің жер қойнауынан алатын байлықтарымызды шетке шығарған кезде әділ бағадан салық өндіріп алу болып саналады. Бұл тұрғыда заңнама тарапынан бес концептуалды өзгеріс көрсетіліп отыр. Бұл бес концептуалды өзгеріс бүгінгі таңда тек қана біздің бастамамыз емес, бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының оң қорытындысын алып қараған дүниежүзілік тәжірибе болып саналады. Айтып кеткендей, қазіргі таңда көп табыс делдалдар арқылы өндіріліп, шетте қалып жатыр. Сондықтан төменгі бағаның әдісін алып медиана тәсіліне көшуіміз біздің салық төлеушінің табысын ұлғайтады және бюджетке қосымша корпоративті салықты өндіріп алуға қол жеткізеді.

Қазіргі таңда заңнамада көрсетілген жеңілдіктер бар, сол жеңілдіктерді де алып тастап жатырмыз. Себебі трансферттік бағаны қадағалау кезінде жеңілдіктер жоқ, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ОЭСР) қорытындысында да солай көрсетілген.

Енді қандай тәсілдер қабылданады және тағы басқа қандай жұмыстың жүргізілуі туралы айта кететін болсақ, қазіргі таңда осы заңнама жұмысы басталғаннан бері біздің тарапымыздан Мемлекеттік кірістер комитетінде бөлек арнайы құрылым құрылды. Қабілетті қызметкерлер алынды, жалақысын жоғары төлеп отырмыз, құрамы ұлғайтылды және де қазір барлық процестерді автоматтандыратын боламыз, себебі барлық дереккөздер бізге автоматты түрде түсіп отырады. Барлық кеден декларацияларын көріп отырамыз және де жер қойнауын алып, өндіріп, сататын барлық салық төлеушілер бізде мониторингте тұр. Есептілікті сараптап, оларға алдын ала хаттама жіберіп отырамыз. Бұл жұмыс осы заңның қабылдануымен күшейтіледі деп ойлаймыз. Бюджетке қосымша салық түседі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован вице-министру финансов Биржанову Ержану Ериковичу.

Основным принципом Закона «О трансфертном ценообразовании» является обязательство налогоплательщика по уплате налогов с рыночной цены при осуществлении международных сделок. При этом, чтобы применять определенную рыночную цену, налогоплательщику необходимо самостоятельно провести функциональный анализ и сбор необходимой информации об условиях сопоставимости сделок и практически доказать налоговым органам субъективность применения данной рыночной цены.

Недостаточное количество сопоставимых данных для определения рыночного уровня цен в сделках между взаимозависимыми лицами может привести казахстанских предпринимателей в большинстве случаев к непосильной сумме штрафов, а в последующем – к банкротству.

В связи с этим у меня вопросы.

1. Проработаны ли министерством упрощенные процедуры для определения рыночного уровня цен?

2. Какова приоритетность использования методов трансфертного ценообразования?

Спасибо.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Уважаемый Маулен Сағатханұлы, уважаемая Ольга Александровна! На сегодня есть официальные источники информации, на которые мы ссылаемся, это Плац, Аргус, Рефинитив. По каждому виду продукции есть свои источники, которые применяются не только казахстанскими фискалами, но и применяются другими странами. Это общеизвестные справочники. Мы ими руководствуемся, также руководствуются наши налогоплательщики.

Естественно, перед тем как заключить сделку либо после завершения сделки, участники сторон, то есть наш налогоплательщик может обратиться в фискальный орган, и мы дадим соответствующие разъяснения. Для этого мы вводим отчетность, чтобы мы могли своевременно корректировать. Необязательно данные претензии фискальных органов

предъявлять по итогам проверок, когда будут штрафы. У нас есть опция проведения мониторинга, мы даем рекомендации, чтобы налогоплательщик самостоятельно устранил или дал пояснение. Такая работа сегодня проводится.

С учетом вносимых изменений мы согласовали данные поправки со всеми ассоциациями, бизнес-сообществом, показывали опыт других стран. Поэтому думаю, что такого непонимания или неправильного применения закона не будет. Тем более на протяжении двух лет данную работу мы проводим.

Был ряд разногласий с разными отраслями. Хотел бы сказать, если есть какие-то отклонения, какие-то национальные особенности, можно применить опцию – разработка соответствующей методики. Например, если завод только открылся, производит продукцию, его продукция не соответствует каким-либо стандартам, мы не можем применить официальные источники по данной продукции, пока он не получит соответствующего сертификата. После получения (после периода истечения) мы будем применять те справочники, которые есть у нас на руках. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкіліне.

Құрметті Ержан Ерікұлы! Қазіргі уақытта трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау елдің тауар биржаларында биржалық тауарлармен жасалған мәмілелер бойынша жүзеге асырылмайды. Бұл жағдай капиталды елден шығару тәуекелдерін тудырады. Сондықтан қаралып отырған заңда жоғарыда көрсетілген норманы алып тастау ұсынылады, яғни тауар биржаларында жасалған мәмілелерге бақылау енгізіледі. Осы ретте менің сұрағым бар.

Тауар биржасындағы бақылауды қайтару нарықтық бағаны қалыптастыруға қалай әсер етеді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Әсем Қалашбайқызы! Расында да бізде 2019 жылдан бастап заңнамаға өзгерістер енгізілген болатын. Бұның бастапқы бағыты біздің тауар биржаларын дамыту болып келген. Бірақ біз Ұлттық статистика бюросынан да, министрліктерден де тауар биржаларының деректерін қарап, осы жеңілдік қалай әсер еткені туралы мағлұмат алдық. Бұл мағлұмат оң әсерін тигізген жоқ, тауар биржаларында сатылатын тауарлардың көлемі немесе операциялар өскен жоқ. Дегенмен осы жеңілдік жаңа схемалардың қолданылуына қол жеткізді. Қысқаша айта кететін болсақ, мысалы, газ бойынша, дөңді дақылдар бойынша төмен бағаға сату фактілері табылды. Мысалы, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Ауғанстанға 110 пайыздан 25 пайызға дейін төмен бағамен сатылып отыр. Егер тауар биржасы тура сатылса, онда тауарлардың бағасы 25 пайызға қымбат болады. Біз одан бүгінгі таңда толыққанды салық өндіріп жатырмыз. Ал тауар биржасында сатылған тауарлар 25 пайызға арзан. Бұл сатып алушы мен сатушының

келісіп жасаған әрекеті деп санаймыз. Сондықтан да осы жеңілдікті алу – халықаралық тәжірибе.

Жаңа айтып өткенімдей, бұндай жеңілдіктерді жасамау керек деген ОЭСР-дің оң қорытындысы бар. Бірде-бір мемлекеттің тауар биржаларында бұндай жеңілдік көзделмеген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, осы әңгіменің жалғасы ретінде айтайын. Сіз кейбір биржаларда шикізаттарды 10-15 пайызға төмендетіп сатқан, соның нәтижесінде біраз салық бюджетке түспей қалды деп айтып кеттіңіз. Бұл жерде сыбайлас жемқорлыққа байланысты әртүрлі фактілер болғаны анық.

Сіздердің министрліктеріңіздің сараптамасы бар ма? Осы заңды қазір депутаттар қолдап қабылдап жатса, әрине, біраз тетіктер енгізіледі, бақылау күшейтіледі. Бірақ оған дейін осындай әртүрлі әрекеттердің нәтижесінде, бағаның төмендетіп көрсетудің нәтижесінде бюджетке жылына қанша қаржы түспегені туралы сіздерде ақпарат бар ма?

Жалпы сараптамалық тұрғыдан бюджетіңіз осындай әртүрлі әрекеттердің нәтижесінде қандай шығындарға тап болып жатқанын сіздер өздеріңіз де қараған шығарсыздар. Соған байланысты ақпараттарыңызды айтып кетсеңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Бұл жеңілдіктер заңда осы жақында орын алды, сондықтан ол кезде біз оларды заңсыз деп санаған жоқпыз. Дегенмен заң шеңберінде мониторинг жүргізу шеңберінде соңғы бес жылдың ішінде 160 миллиард теңге қосымша өндіріп алдық. Бұл осы заңды құралдар арқылы.

Тауар биржалары болсын, басқасы болсын төменгі бағалар бойынша біз қандай да бір сотқа немесе өзіміздің актілерімізге қоспағанбыз. Енді осы заңнама шеңберінде жаңа өзгерістер қабылданса, онда міндетті түрде осы сомадан кем емес, қайта артық қосымша салық түседі деп болжап отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне арналады.

Біз қазір қарап отырған заңмен халықаралық топқа қатысушылар үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау көзделген. 2020 жылдың басынан бастап халықаралық топ мүшелері үш деңгейлі есептілікті тапсырып келеді. Осыған орай менің бірқатар сұрағым бар.

Бірінші. Уәкілетті органдардың талабы бойынша есептілікті тапсыру тетігін жетілдіруде қолданылатын бағаның жалпы экономикалық жетістікке қаншалықты оң әсері болады?

Екінші. Жергілікті есептілікті ұсыну бойынша жүргізілген тексеру барысында келісім бағасы мен дифференциал әдейі көтерілген жағдайда бұл ұйымдарға болашақта қандай шаралар қолданылатын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Геннадий Геннадиевич, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, есептілікті айта кететін болсақ, жергілікті есептілік қосылып отыр және егер де осы кезеңдердің өткеніне бір жылдан асатын болса, онда осы заң шеңберінде оның беру мерзімі 12 айдан 1 айға дейін қысқартылып отыр.

Есептіліктердің ұлғаюы – басқа мемлекеттердің 2017-2018 жылы енгізілген есептіліктеріне байланысты енгізіліп отырған өзгешелігіміз.

Үш есептілік бар. Әрине, біз тексеру кезінде осы есептіліктерді пайдаланамыз, мониторинг кезінде де осы есептілікті пайдаланамыз. Бұл бізге қосымша дерек ретінде саналады, себебі қазіргі таңда біздің жер қойнауын өндіріп алушылар өздерінің пайдасын кей кезде трейдерлер (делдалдар) арқылы өндіріп алады. Бірақ ол делдалдар есептіліктерін көрсетпейді, олардың деректері ашық емес. Бізге түсінікті, олар көбіне заңды түрде байланысты болмаса да экономикалық тұрғыдан олар біздің сатушылармен байланысты болып келеді, себебі 50 пайыздан артық өнімі сол делдалдар арқылы өткізіледі немесе эксклюзивті келісімшарттары бар. Қазір осы заңнама шеңберінде біз оларды байланысты екі жақ деп санайтын боламыз, сондықтан оларға осындай түзетулер (корректировка) қолданылатын болады.

Енді төменгі баға жайлы айта кететін болсақ, қазіргі таңда осы трансферттік баға кезінде нарықтық баға деп айтамыз ғой. Егер де үш-төрт сатушының біреуі төменгі баға көрсетсе, яғни 10 доллар, ал енді біреуі 100 доллар көрсетсе, онда біз арасындағы диапазонды нарықтық баға ретінде санаймыз. Бірақ біздің біліп отырғанымыз: 10 доллар деген аномалды жағдай ғой, сондықтан қазір заңнама шеңберінде біз көп деректерді медиана баға деп ортадағы деректерге жүгінетін боламыз да мына 10 долларға сатқан сатушының табысын ортадағы медиандық бағаға тартып, осыдан салық өндіріп алатын боламыз. Сондықтан бұл бюджетке қосымша салық түсімі ретінде пайдаланылады деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бекболат Серікбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өздеріңіз куә болғандай әріптесіміз Бекболат Серікбекұлы аталған заңды кәсіби түрде жан-жақты назарларыңызға жеткізді.

Баршаңызға мәлім, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес трансферттік баға белгілеуді және капиталды елден шығаруды бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған.

Қолданыстағы заң экспорттық бағаларды әлемдік бағамен жақындастыруда, оффшорлармен мәмілелерді азайтуда, уәкілетті органдардың әлемдік нарықтардағы баға белгілеу мәселелерінде тәжірибе алуда оң рөл атқарғанына қарамастан, оны құқықтық реттеу тетігі белгілі бір кемшіліктерден айырылмағанын және тиісінше трансферттік бағаны бақылауды күшейту бойынша тұжырымдамалық өзгерістер енгізу қажеттілігі туындағанын атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда баға диапазоны мен рентабельділік нарықтық бағалардың ең төменгі және максималды мәндерімен анықталады, бұл нарықтық бағалардың ең әділ көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан жаңа заң аномалды (тым төмен және тым жоғары) көрсеткіштерді алып тастау арқылы нарықтық деректердің ең әділ көрсеткіштерін анықтау үшін процентильдерді (25-тен 75-ке дейін) қолдану арқылы нарықтық диапазонды анықтау механизмін енгізуді ұсынады. Бұдан басқа мәмілеге қатысушылардың өзара байланыстылығының тар ұғымына байланысты жасанды делдалдық құрылымдар құрылады, олар экспортталатын өнімді кейіннен өткізу кезінде ең төменгі тәуекелді қабылдайды және өзара байланысты тараптар деп танылмайды, капитал елден шығарылады.

Осы жағдайлардың туындауын болдырмау үшін мәмілеге қатысушылардың өзара байланыстылығын анықтауды кеңейту ұсынылады. Бұл шара капиталды шығару бойынша бақылауды күшейтуге, мәмілелер мониторингін және қадағаланатын ақпаратты жақсартуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда жергілікті есептілікті халықаралық топтардың қатысушылары болып табылатын салық төлеушілер ұсынады, бұл мемлекеттік кіріс органдарына өзара байланысты тараптар арасындағы трансферттік баға белгілеу кезінде қашықтықтан бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан жергілікті есептілікті резидент емес өзара байланысты тараптары бар салық төлеушілер ұсынатын норма көзделеді.

Құрметті депутаттар! Ұсынылып отырған өзгерістер құжаттық салықтық тексерулер кезінде салықтардың нақты сомаларын анықтауға мүмкіндік береді. Ең бастысы олар капиталды шығаруға кедергі келтіруге және салық аударымдарынан жалтаруға жол бермеуге бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы заңды қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Амангелді Шайхоллаұлы.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң трансферттік баға белгілеу саласында туындайтын мәселелерді жетілдіруге және арттыруға бағытталған.

Заңды қолданысқа енгізу, халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелерде мемлекеттік кірістің жоғалуын болдырмауға оң әсер етеді.

Трансферттік баға белгілеу халықаралық келісімдерде әділ баға қоюға бағытталған. Бақылау мониторинг және тексерулер жүргізу арқылы тауар айналым бағасының нарықтық бағадан ауытқуын белгілеу кезінде жүзеге асырылады.

Көзделген нормаларды іске асыру салық салынатын табысты азайту мақсатында мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл салық салу объектілерін түзетуге әкеледі және салық түсімдерінің артуына ықпал етеді.

Заң Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сарапшыларымен алдын ала пысықталып, қолдау тапты. Еліміздің экономикалық ерекшеліктері ескерілді.

Құжат Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды. Комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралып, талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Осыған байланысты Қаржы және бюджет комитеті аталған заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Президент трансферттік баға белгілеу мәселелерін мұқият пысықтауды тапсырғаны белгілі. Осы бағыттағы жұмыстың бірі ретінде трансферттік баға белгілеу тетіктерін жетілдіруді көздейтін заң әзірленді. Заңда халықаралық іскерлік операциялар мен келісімшарттар жасау кезінде кіріс ысырабын болдырмауға бағытталған қосымша ережелер қарастырылған. Сондай-ақ капиталды елден шығаруға бақылауды күшейтуге арналған түзетулер бар. Алдағы уақытта заң бұл салада мемлекет мүддесінің тиімді қорғалуын қамтамасыз етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектеновке жолданды.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Биыл 20 ақпанда Сенатта «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбында өткен «үкімет сағатында» жастар тәрбиесі, халыққа психологиялық көмек беру қызметі туралы, оның ішінде экономикалық-құқықтық реттеудің жоқтығы айтылған болатын. «Үкімет сағаты» жастардың жол-көлік оқиғаларынан, бопсалау, төбелесу, жабық орындарға қаржы жинау, желілерде ойын ойнау, ТікТок желісіндегі бәсекелес жастардың өлімі мен еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға, сондай-ақ халықтың өмір сүру ұзақтығының жалпы көрсеткішіне әсер ететін басты фактор екенін көрсетті.

Бүгінгі күні еліміз АҚШ-тың «Wisevoter» компаниясының рейтингісі бойынша 175 мемлекет арасында өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші бойынша 19-шы орында тұр. Осыған орай психологиялық көмек көрсетудің жеткіліксіздігі, қауіптерді уақтылы анықтауға және

оңалтуға кедергі келтіруде. Әдетте білім саласында балалардың психологиялық жағдайы мен мінез-құлықтарындағы алғашқы ауытқулар балабақша немесе мектепке жасында анықталады. Өңірлерде өткен кездесулерде сайлаушылар бұл салада бірнеше шешілмеген мәселелер бар екенін атап айтты.

Оқу-ағарту министрлігінің №224 бұйрығындағы нормативке сәйкес психологтардың штат саны мектептегі жалпы сынып бірліктері бойынша есептелген. Осыған сәйкес кез келген білім беру мекемесінде психолог штаттары 0,5-тен 2 бірлік арасында қарастырылған. Орта есеппен 1,5 мың бала оқитын мектептерде 60, ал 4,5 мың және одан да көп оқушылары бар білім ошақтарында 170-тен көп сынып бар, яғни бір психолог 2 мың оқушыға және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қызмет көрсетуде.

Өкінішке қарай, психологтың үлкен жүктемесінің болуына байланысты нақты мұқтаж адамдарға көмек берілмей жатады. Осыған орай:

1. Білім мекемелеріндегі психологтар санының нормативін қайта қарауды, оқу жүйесіндегі үш деңгейде психологтың болуын қамтамасыз етуді сұраймыз.

2. Педагог-психологтардың тапшылығына байланысты жоғары оқу орындарына бөлінетін гранттарды көбейтуді және кәсіби мамандарды дайындау сапасына көңіл бөлген жөн.

3. Бүгінгі күні мамандардың мемлекеттік білім беру мекемелерінен жеке құрылымдарға ауысуы орын алуда, себебі балалардың өмірі, денсаулығы мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі психологтардың жоғары жауапкершілігі, сондай-ақ еңбекақының төмен деңгейі тікелей әсер етуде. Қазіргі уақытта он жыл еңбек өтілі бар психолог орта есеппен 143 мың теңге, ал 20 жыл еңбек өтілімен 152 мың теңге жалақы алады. Оқушының жеке ерекшеліктері мен әлеуетін анықтау және топтық іс-әрекетіне толық зерттеу жүргізу үшін арнайы пән енгізілсе дұрыс болар еді.

4. Ресми түрде психолог штаттары 1987 жылы мектептерге енгізілгенмен, олардың заңды мәртебесі әлі де анықталмаған, еңбекақы төлеу жүйесінде олар қосымша мамандық ретінде айқындалған. Психолог ерекше мамандық екенін ескере отырып, негізгі мамандар тізбесіне енгізуді ойластыру қажет.

5. Біз депутаттық сауалымызда мектеп психологтары жұмысының ерекшеліктеріне тоқталдық. Алайда дәл осындай мәселелер денсаулық сақтау, полиция, қылмыстық-атқару жүйесінде, төтенше жағдайлар және басқа да мекемелерде орын алған. Оған дәлел Алматы қаласындағы биылғы жер сілкіністері, ол төтенше жағдай саласының психологтарына үлкен жүктеме түскенін көрсетті. Осы салаларда болып жатқан жағдайлар да жүйелі шешімдерді қажет етеді.

Құрметті Олжас Абайұлы! Депутаттық сауалдың толық нұсқасы сізге жолданады. Жоғарыда көтерілген мәселелерге қатысты жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, Ж. Асанова, С. Дүйсембинов, С. Ершов, Н. Жүсіп, Д. Қыдырәлі, А. Сатвалдиев, А. Толамисов, Г. Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектеновке жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Менің депутаттық сауалыма соңғы жылдары білім беру жүйесінде бюджет қаражатын жымқыру фактілерінің көбейіп кетуі себеп болып отыр.

Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі білім беру саласында жүргізген сыртқы талдау нәтижесі бойынша еңбекақы төлеу қорынан бюджет қаражатын жымқырудың схемасын ашқаны белгілі. Осы орайда 2020 – 2024 жыл аралығында 511 сыбайлас жемқорлық қылмыстық ісі тіркелген. Әсіресе 2023 жылы ең ірі сыбайлас жемқорлық пен жымқыру фактілері өңірлердегі білім бөлімдері мен ұйымдарында анықталып, мемлекетке келтірілген залал 12,5 миллиард теңгені құраған. Нәтижесінде қылмыстық істі болып жатқан мектеп бухгалтерлерінің саны көп.

Соңғы үш жылда мемлекет қазынасынан білім саласын дамытуға 12,1 триллион теңге бөлінді. Президенттің тапсырмасымен «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданды. Соңғы үш жылда мұғалімдердің жалақысы екі еседен аса өсті. Осындай кешенді әлеуметтік қолдау шараларына қарамастан білім беру саласы жемқорлық тәуекелдері жоғары салалардың бірі болып қалуда.

Білім беру ұйымдарындағы саланы қаржыландыру тетіктері еңбекақы қорынан бюджет қаражатын жымқыруға, бюджеттік өтінімдерді жоспарлау мен қалыптастыруда жалақыға жұмсалатын шығыстарды артық қарастыруға мүмкіндік береді. Бүгінде бюджетті жоспарлау ісі ақсап тұр. Осы ретте мемлекеттен ең көп қаржыландырылатын сала ретінде бюджеттік параметрлерді қалыптастыруда нақты қағидаларға негізделген жүйелі жұмыс қажет. Мұны соңғы кездері елді дүрліктірген қылмыстық істер көрсетуде.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша жалпы білім беру ұйымдарында 5 мыңға жуық педагог тапшы. Осындай қажеттілік бар кезде мектеп директорлары өз таныстарын жалған бұйрықпен жұмысқа алған. 8,8 миллиард теңгеге жуық қаражат көлемінде мектептерде жұмыс істемейтін және формалды түрде жұмысқа қабылданған 464 тұлғаға заңсыз жалақы, түрлі жәрдемақылар төленген. Оның ішінде сарапшы, ғылыми қызметкер, модератор мен пән оқытушылары сияқты санаттар бар. Аталған фактілер бойынша 35 қылмыстық іс қозғалған.

Бір қызығы, мұндай заң бұзушылықтар білім сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында мектепке мұғалім боп жұмысқа орналасудың талаптары күшейтілген жағдайда орын алып отыр. Сонда соңғы кездері білім беру жүйесіне ендірілген педагогтарды конкурстар арқылы қабылдау жүйесінің ашықтығы мен тиімділігі, бірнеше сатыдан тұратын біліктілік талаптары қайда? Конкурс шарттарынан тыс «жалған» жұмыскерлер қалай қабылданған?!

Мектептердегі еңбекақы қорынан ақша ұрлау фактілері Оқу-ағарту министрлігінің базалары, мектептің бухгалтерлік есеп жүйелері мен Қаржы министрлігінің «Қазынашылық» ақпараттық жүйесінің арасында толық интеграцияның болмауынан туындағаны анықталып отыр.

Қазақстанда қала, аудан мен ауыл мектептерінің бюджетін қалыптастыру өтінімдері әлі күнге дейін қағаз түрінде ұсынылады. Бюджеттік өтінімдерді жасау, оларды жолдау және бюджетті қалыптастыру процесі толық автоматтандырылмаған.

Бүгінде мемлекеттік бюджетті, халық қазынасын сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикадан қорғайтын бірден-бір құрал – цифрландыру. Елімізде цифрландыру мен бюджеттік үдерісті интеграциялаудың жоғары деңгейіне көшу мәселесін шұғыл түрде қолға алу керек деп есептеймін. Мемлекеттік қаржыны басқарудың бірыңғай интеграцияланған жүйесін құру барлық деңгейлердегі бюджеттік процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда бұл бағыттағы бірқатар іс-шаралар баяу жүруде. Мәселен, қазынашылықтың ақпараттық жүйесін білім беру ұйымдарының бухгалтерлік есеп жүйелерімен интеграциялау үшін API-сервис әзірлеу жоспарланған. Бірақ оның қашан жүзеге асатыны белгісіз.

Қалыптасқан жағдайды зерделей келе, білім беру саласында сыбайластық тәуекелдері тиімді басқару жүйесін құру жұмыстарын жеделдету ұсынылады.

Депутаттық сауалдың толық нұсқасы жолданады.

Құрметті Олжас Абайұлы, сізден депутаттық сауалда көтерілген мәселелерді қарастырып, заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беру сұралады.

Құрметпен А. Қапбарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновке жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Біздің депутаттық сауалымыз қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне арналған. Өйткені қазіргі уақытта елдегі ауаның, судың және топырақтың шамадан тыс ластануы халықтың денсаулығы мен өміріне айтарлықтай қатер төндіруде.

Соңғы жылдары Қазақстан экологиялық тиімділік рейтингінде 180 елдің арасында 93-ші орынға тұрақтап, Намбия, Габон және Зимбабве сияқты елдерден артта қалып отыр. Ал жасыл өмір үшін үздік елдер рейтингінде мемлекетіміз 78 елдің ішінде 72-ші орында екен. Атап айтқанда, атмосфераның ластануы және тұрмыстық қатты қалдықтардың жиналуы ел үшін ең өзекті экологиялық проблемалардың бірі болып отыр.

Ел аумағында халықтың өмірі мен денсаулығына теріс әсер ететін Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Жезқазған және Теміртау қалаларында атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейі байқалады. Мәселен, Ұлытау облысының Жезқазған және Сәтбаев қалаларында ластаушы заттардың шамадан тыс ауаға шығарылуы жағдайында тиісті шараларды уақытылы қабылдау үшін ауа құрамын бақылау мақсатында арнайы өлшеу құрылғылары орнатылып, бірқатар шаралар атқарылған. Алайда аймақтағы өндіріс орындарында зиянды газдарды сүзуге арналған қондырғыларды жаңарту жұмыстарын дер кезінде жүргізбесе өңірдің экологиялық жағдайы күрт нашарлауы мүмкін. Атап айтқанда, «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС Жезқазған мыс балқыту зауытының күкірт қышқылы цехын реконструкциялауды жеделдету, сондай-ақ қатты отынмен жылытылатын барлық ғимараттарды, өнеркәсіптік қазандықтар мен тұрғын үй секторларын кезең-кезеңмен газдандыруды жүргізу қажет.

Қазіргі уақытта Жезқазған өңірінде негізгі су көзі Кеңгір су қоймасы болып табылады. Ал онда судың сапасы қанағаттанарлық емес, су класы бойынша IV класс ретінде анықталған. Судың сапасын жақсарту бойынша гидрологиялық жұмыстарды жүргізумен қатар «Үйтас – Айдос» жерасты су құбырының құрылысын да жеделдету қажет.

Сонымен қатар әртүрлі аймақтардағы өндіріс ошақтары мен тұтынушылардан шыққан түрлі қоқыс ешқандай електен өтпестен ашық алаңқайларда сақталып отыр. Ал қатты тұрмыстық қалдықтардың басым бөлігі тиісінше сұрыпталмастан ашық қоқыстарға, қалалық көму полигондарына шығарылады және қоймаланады. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасына және санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес келмейді.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін баяндалғанның негізінде мынадай шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады:

1. Халықаралық озық тәжірибелер мен еліміздің өңірлерінің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу.

2. Ауа, су және топырақтың ластануына әкеп соғатын өндірістер мен өнеркәсіп орындарынан шығатын қауіпті қалдықтар мен қоқыстардың мөлшерін азайту мақсатында әлемдік экологиялық стандарттарға сәйкес экожүйе енгізу және кәсіпорындарды жаппай соған көшіру жолдарын қарастыру.

3. Қалдықтарды, оның ішінде құрылыс қалдықтарын орналастыруға арналмаған жерлерде заңсыз тасымалдау және шығару фактілерін анықтау мақсатында тексеру және өзге де шаралар жүргізу арқылы мемлекеттік бақылау шараларын күшейту қажет.

4. Жергілікті және орталық атқарушы органдар бірлесіп аудандық, қалалық және ауылдық елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару, оның ішінде тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек жинау, тамақ және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу жөнінде инфрақұрылым құру мәселесін қарастыру.

5. Қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіретін әртүрлі зиянды қоқыстарды жедел анықтау және олардың пайда болуына жол бермеу, аталған салада қоғамдық бірлестіктермен белсенді түрде жұмыстарды жүргізу керек деп есептейміз. Сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі объектілерді салу және орналастыру үшін жер учаскелерін беруді қамтамасыз ету.

6. Қалдықтарды басқару мәселелері бойынша, сонымен қатар қоғамда рұқсат етілмеген қоқыс орындарын ұйымдастырудағы жауапкершілік және олардың қоршаған орта мен халық денсаулығына теріс әсері туралы тұрақты негізде белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Құрметті Олжас Абайұлы, депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен С. Медебаев, С. Шайдаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Босымбекқызы Дүйсеноваға жолданады.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Біздің депутаттық сауалымыз PhD докторлық диссертацияларын қорғау үшін халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға қатысты. Бұл мәселе еліміздің ғылыми әлеуетін сақтау мен дамыту үшін өте маңызды деп санаймыз.

Соңғы жылдары деректерді талдау негізінде докторанттардың едәуір бөлігі осы базада мақала жариялауда қиындықтарға тап болғаны анықталды. Мысалы, 2011 – 2022 жылдар аралығында 10 мың 276 адам PhD докторантурада оқыды, ал қорғағандар саны 4 мың 497, сонда тек 44 пайызы ғана қорғаған. Бұл өте төмен көрсеткіш. Бұлардың көпшілігі халықаралық базадағы журналда мақаласы жоқтығынан қорғай алмаған. Осыған қоса 9 мың 616 адам мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оқыған, бұл 93,5 пайызды құрайды. Сонда өзіміз мемлекет қазынасы есебінен оқытып, олардың доктор дәрежесін алуына кедергі жасап отырмыз.

2011 жылдан бері халықаралық базалардағы журналда мақала шығару талабын енгізсек те оның жұмыс істеуі 2018 жылдан ғана басталды. Сонда 2011 жылдан бастап 7 жыл ішінде ешқандай қамтамасыз етілмеген талап қойып қаншама адамның өміріне кедергі қойғанымыз өкінішті. Осыған қоса 2018 – 2023 жылдары халықаралық дерекқорлардың қызметін төлеуге мемлекеттік бюджеттен 5,2 миллиард теңге қаражат жұмсалған. Ал ол қаншалықты тиімді болды?

Scopus дерекқоры бойынша жаһандық көлемдегі қазақстандық ғалымдардың мақала жариялау үлесі 2018 жылы шамамен 0,001 пайыз болса, ал 2022 жылы өсу прогресі жоқ. Халықаралық базаларда мақала шығаруды есепке алатын болсақ, онда жаһандық көлемнің кемінде 1 пайыз көрсеткішіне жету үшін бізге ондаған жылдар қажет екен. Бұл көзбояушылық емес пе? Ал жария етілген мақалалар санына келетін болсақ, онда олардың саны тіпті азайып кеткен. Егер 2018 жылы 4 мың 323 мақала жарияланса, 2022 жылы тек 3 мың 853 мақала жарияланды. Оның өзінде 2018 – 2022 жыл аралығында жалған ғылыми журналда (псевдонаучных журналда) шыққаны үшін 2 мың 644 мақала жарамсыз деп танылған. Сондықтан ғылымды бағалауда сан емес, сапаға көңіл бөлу қажет деп ойлаймын.

Осыған байланысты келесі негізгі мәселелерге назар аударғымыз келеді:

докторлар мен ізденушілердің өз мақалаларын жариялау қиындықтары жоғары бәсекелестікке және рецензиялаудың қатаң талаптарына, сондай-ақ қаржылық кедергіге байланысты;

халықаралық базалар барлық ғылыми салаларды бірдей қамтымайды, бұл кейбір мамандықтардың ізденушілеріне қолайсыз. Біздің ғалымдарымыздың білімін жалғыз Scopus дерекқоры бойынша бағалау дұрыс емес. Бұндай жарияланған мақалаға, халықаралық деңгейде кейбір мамандықтарға қызығушылық танытпауы жас ғалымдарға қатысты әділетсіз деп санаймыз.

Осылайша біз келесі ұсынымдарды ұсынамыз:

1. Диссертациялық жұмыстардың сапасын бағалау критерийлері тек халықаралық базадағы мақалалармен шектеліп қалмау керек.

2. Scopus сияқты халықаралық дерекқорларға қосу үшін олардың деңгейін арттыруға ықпал ететін ұлттық ғылыми журналдардың дамуын ынталандыру және қолдау, оларға әлемдік ғылыми қоғамдастықта лайықты орын алуға мүмкіндік беру.

3. Жас ғалымдарға өз жұмыстарын халықаралық журналдарда жариялауға қолдау көрсету және зерттеулердің сапасын арттыру бойынша кешенді бағдарламалар әзірлеу.

4. Сарапшылардың қатысуымен ағымдағы жағдайға талдау жүргізу және біздің ғалымдардың қандай қиындықтарға тап болғанын анықтап, олардың шешу жолдарын табу.

Қорытындылай келе, қажет емес кедергілердің біздің зерттеушілердің бойындағы шығармашылық пен инновациялық ұшқынды тұншықтыруына жол бермеу. Соған байланысты еліміздегі жас ғалымдардың дамуына ықпал ететін қолжетімді және сапалы академиялық орта құру, әрбір зерттеушінің әлеуетін дамытуға қолдау арқылы жағдай жасау қажет деп ойлаймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жазбаша жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен Қ. Тастекеев, Т. Жүнісов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті сенаторлар! Өздеріңізге белгілі, ертең Халықаралық әйелдер күнін атап өтеміз. Бұл күн аналарымыздың және барша аруларымыздың мерекесі.

Қазақстан әйелдері өздерінің өмірлік ұстанымымен, өнегелі ісімен, пайымды парасатымен еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

Президенттің бастамасымен елімізде әйелдер қауымының ролін күшейту жолында маңызды қадамдар жасалды. Сондықтан алдағы уақытта аруларымыздың белсенділігі одан әрі артады деп сенеміз.

Осы ретте аяулы аруларымызды көктемнің мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық және бақыт тілеймін! Көктемдей жайнап жүре беріңіздер!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2024 жылғы 7 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам трансфертного ценообразования», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НӘУТИЕВ Ә.И. 3

БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан..... 3

БУЛАВКИНА О.А. 4

БІРЖАНОВ Е.Е. 4

РАХМЕТОВА Ә.Қ. 5

БІРЖАНОВ Е.Е. 5

ШИПОВСКИХ Г.Г. 6

БІРЖАНОВ Е.Е. 7

НҰҒМАНОВ А.Ш. 7

МӘКЕЖАНОВ С.А. 9

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам трансфертного ценообразования» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 9

Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Г.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 10

Депутат А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КАПБАРОВОЙ А.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 11

Депутат С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МЕДЕБАЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. 13

Депутат Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТАСТЕКЕЕВА К.К. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дүйсеновой Т.Б. 14

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Əлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева